

Тұрмысы төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерінің қағидасы туралы

Күші жойған

Алматы облысы Ақсу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 29 ақпандағы N 31-189 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ақсу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 06 сәуірде N 2-4-108 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы мәслихатының 2012 жылғы 06 қыркүйектегі N 7-62 шешімімен

Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы мәслихатының 2012.09.06 N 7-62 Шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары" Заңының 97-бабы 2-тармағына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15)-тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Тұрмысы төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерінің қағидасы қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>мәслихат хатшысы</i>	<i>Сессия</i>	<i>төрағасы,</i>
Ақсу аудандық	<i>Серпербаев Серікбек</i>	мәслихатының
2010 жылғы	26	ақпандағы
"Тұрмысы төмен		отбасыларына
(азаматтарға)	тұрғын	үй
көмегін	көрсетудің	тәртібі
мен	мөлшерінің	қағидасы"
туралы	N 31-189	шешіміне
қосымша		

Тұрмысы төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерінің қағидасы

1. Жалпы қағидалар

1. Тұрғын үй көмегі халықты әлеуметтік қорғаудың бір түрі болып табылады.

2. Тұрғын үй көмегі сол жерде тұрақты тұратын және тұрғын үйдің иесі болып табылатын тұрмысы төмен отбасыларына жергілікті бюджеттің есебінен жүзеге асырылады. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлем ретінде тағайындалады.

3. Тұрғын үй көмегі тұрмыстық-коммуналдық қызметтерді тұтыну төлемінің шығындары (газ, электр жүйесі, су, телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы, көмір) белгіленген әлеуметтік нормалары мен коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтерінің (газ тұтыну – 1 айға 10 килограмм, электр жүйесін қолдану 1 адамға - 45 киловатт; 2 адамға – 90 киловатт; 3 адамға -135 киловатт; 4 және одан көп адамнан тұратын отбасына - 150 киловатт, сумен қамтамасыз ету нормасын қызмет берушілер ұсынады, аудандық телекоммуникациялар желісінің абоненттері болып табылатын әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу (бұдан әрі – телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу) – коммуналдық қызметтерді тұтынуға төлеу жөніндегі тұрғын үй көмегінің құрамына кіретін, телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылу шығындарын өтеуге арналған және қолданылып жүрген тариф пен 2004 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша қалыптасқан тариф арасындағы айырма ретінде белгіленетін ақшалай төлемақы " Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасын Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 қаулысы негізінде жүзеге асырылады, 4 тонна көмірді жыл бойында 2 тоннадан екі бөліп беру) шегінде отбасы бюджетіндегі оның жиынтық кірісінің 10 пайыздық үлесінен асқан жағдайда тағайындалады.

4. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үйі (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үйін жалға беруші тұлғалар тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады.

5. Тұрғын үй көмегін алу құқығы өтініш иесі өтінішпен қоса қажетті құжаттарын тапсырған тоқсаннан басталады және сол тоқсанға төленеді.

6. Жиынтық табыс – тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде ескерілетін табыс түрлерінің с о м а с ы ;

7. Уәкілетті орган - тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын " жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

8. Учаскелік комиссия- тұрғын үй көмегін сұраған адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия, учаскелік комиссиялар тұрғын үй көмегін берудің қажеттілігі туралы қорытындылар әзірлейді. Учаскелік комиссиялар өз қызметін Алматы облысы

әкімдігінің 25 мамыр 2009 жылғы N 99 "Учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту туралы" қаулысы негізінде жүзеге асырады;

9. Табысы аздар- тұрғын үй көмегіне өтініш берген уақытындағы алдыңғы тоқсанының жиынтық кірісі отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы жиынтық айлық табысы заңдарда осы мақсаттар үшін белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейіне жетпейтін адамдар;

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу тәртібі

10. Жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және "Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген мүшелері бар отбасылары тұрғын үй көмегін алуға құқығы жоқ, осының ішіне 55 жасқа толған ерлер мен 50 жасқа толған әйелдер, күтімге мұқтаж деп танылған 1-ші, 2-ші топтағы мүгедектер, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларды күтетіндер, басқаның күтімін керек ететін деп танылған 80 жастан асқан тұлғаларға күтім жасайтындар және 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатындар, сондай-ақ бір айдан астам уақыт бойы ауруханалық емдеуде жүрген адамдар, әлеуметтік тұрғыдан маңызды немесе айналасындағы адамдарға қатер төндіретін ауруы бар ауруханалық немесе емханалық емдеуде жүрген азаматтарды бағып-күтумен айналысатын азаматтар кірмейді. Жедел әскери қызметтегі әскери қызметкерлер отбасының құрамында есептелмейді.

11. Жұмыссыздар ұсынған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан себепсіз бас тартса және өз еркімен қоғамдық жұмысқа, оқыту мен қайта оқытуға қатыспаса тұрғын үй көмегін алу құқығынан осы тоқсанға айырылады.

12. Тұрғын үй көмегіне өтінген кезде коммуналдық қызмет ақысы берешектері бар отбасыларына, қарыздарына қарамастан, есепке тіркеген сәттен бастап ағымды төлемдерді тұрақты төлеу шартымен тұрғын үй жәрдемақылары тағайындалады.

13. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер немесе алушы отбасылары оны рәсімдеу үшін өтінішімен қоса тұрғылықты жеріндегі поселкелік, ауылдық учаскелік комиссияға төмендегі құжаттарды ұсынады:

1) жеке басының куәлігі (жылына бір рет немесе қандай да өзгерістер болған жағдайда) ;

2) азаматтарды тіркеу кітәбінің көшірмесі және отбасы құрамын растайтын анықтама (тоқсан сайын) ;

3) отбасының барлық мүшелерінің кірісі туралы анықтама (өтініш жасаған тоқсанның алдындағы тоқсанда алынған жиынтық табыс);

4) коммуналдық қызметте ақы төлеу туралы, телекоммуникация қызметтері

үшін түбіртектер көшірмесі және жүгіртпе қағаз (өткен тоқсанның соңғы айы);

5) аудандық салық басқармасынан жеке меншік шаруашылықтары бар немесе жоқ екендігі жайлы анықтама (жылына бір рет немесе өзгерістер болғанда).

6) салық төлеушінің нөмірі (жылына бір рет немесе өзгерістер болғанда).

7) жеке меншігінде бір үйден басқа үйлері жоқ екені туралы Әділет басқармасынан халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы берілетін анықтама (жылына бір рет немесе қандай да өзгерістер болған жағдайда);

8) Тұрғын үй иесі және тұрғын үйді жалдаушы (жалға алушы) болып табылмайтын тұлғалар тұрғын үй иесі мүдделерін білдіруге және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге қатысты нотариалды расталған сенім хат;

9) Тұрғын үйді жалдаушы (жалға алушы) болып табылатын тұлғалар жал ш а р т ы н о т а р и а л д ы р а с т а л ғ а н .

Өтініш иесіне құжаттары қабылданғаны жайлы түбіртек беріледі, тағайындалмаған жағдайда себептері көрсетілген хабарлама беріледі.

14. Тұрғын үй көмегін алуға үміткерлер үшін берілетін көмек белгілі санаттағы тұлғаларға: жұмыссыз –жұмыспен қамту бөлімінде тіркеуде тұрғаны туралы анықтама, жалғыз басты ана – азаматтық хал актілерін жазатын бөлімнен берілетін N 4 үлгідегі анықтама (тоқсан сайын), мүгедек-мүгедектігі туралы анықтама н е г і з і н д е т а ғ а й ы н д а л а д ы .

15. Учаскелік комиссия жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша отбасына тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындамау жайлы қорытындысын 5 күн ішінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне ұсынады.

Поселкелік, ауылдық округ әкімі өтініш берушілерден құжаттарды қабылдап, оларды тіркейді және учаскелік комиссияның қорытындысымен қоса он күннен кешіктірмей жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жібереді, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі учаскелік комиссиялардың қорытындыларымен қоса тіркелген құжаттарымен бірге өтініштер қабылдайды, оларды қабылдаған күннен бастап он күн ішінде қарайды және тұрғын үй көмегін тағайындау немесе одан бас тарту туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

16. Тұрғын үй көмегін алушылар 15 күн ішінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне отбасы құрамының және жиынтық табыстарының өзгеруі туралы хабарлауы керек.

17. Берілген ақпараттың дұрыстығы туралы күмән пайда болған жағдайда, тұрғын үй көмегін тағайындайтын уәкілетті орган немесе учаскелік комиссия отбасы мүшелерінің тұрғылықты жерлері, табыстары туралы қажетті ақпаратты тиісті орындардан сұрап алуға, тексеруге құқығы бар.

Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеуді ұйымдастырудың дұрыстығына, ал өтініш беруші жалған мәліметтер мен жасанды құжаттарды

тапсырғаны үшін Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес жауапты.

18. Тұрғын үй көмегін мөлшеріне немесе оны алу құқығына әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, қайта есептеу олар анықталған кезінен бастап немесе келесі тоқсанда жүргізіледі.

Артық төленген сомалар ерікті тәртіппен, ал бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарылуы тиіс.

3. Отбасының жиынтық табысын анықтау тәртібі

19. Тұрғын үйдің меншік иесі немесе жалдаушысы (қосалқы жалдаушысы) болып табылатын отбасының (азаматтың) жиынтық табысын анықтаған кезде оның құрамында бір тұрғылықты жерде тіркелген барлық адамдар ескеріледі.

Отбасының жиынтық табысы отбасының құрамында ескерілген барлық адамдардың табыстарын қосу арқылы өтініш берілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы алған жалпы табыс бойынша есепке алынады.

20. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезеңде алынған табыстың мынадай барлық түрлері есепке алынады:

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
- 3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс;

4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;

Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табыс мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекке және он сегіз жасқа дейінгі балаларға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыға қолданылып жүрген нормативтік карточкалар негізінде есептелінеді.

21. Отбасының жиынтық кірісінде мыналар есепке алынбайды:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) тұрғын үй көмегі;
- 3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;
- 4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- 5) есепті кезеңде белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен жалпы сомада көрсетілген, ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек.

б) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.

Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға

арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, осы факті анықталған тоқсандағы жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып е с е п т е л е д і ;

7) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек;

8) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін а л и м е н т ;

9) қорғаншылардың (қамқоршылардың) табысы (қорғаншы балаларға арналған жәрдемақы тағайындаған кезде);

10) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге бару жолына ақы т ө л е у ;

11) протездеу уақытында азаматтарды ұстау;

12) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе жеңілдікпен ж о л жү р у кұ н ы ;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес: д ә р і л і к п р е п а р а т т а р ;

санаторийлік-курорттық емдеу;

протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу);

жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да с а у ы қ т ы р у құ р а л д а р ы ;

тегін тамақтандыру мен білім беру ұйымдарында білім беру туралы заңнамаға сәйкес көрсетілетін көмек;

14) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі заңнамалық кесімдермен о р а л м а н д а р ғ а :

тұрақты тұратын жеріне жол жүру және мүлкін жеткізу (оның ішінде малын) ж ө н і н д е г і ш ы ғ ы с т а р д ы ө т е у г е ;

келген жерінде тұрғын үй сатып алуға және біржолғы жәрдемақы төлеуге к ө з д е л г е н қ а р а ж а т .

22. Тапсырылған құжаттардың қорытындысы бойынша уәкілетті орган отбасына түбіртек-ескерту береді, оған тұрғын үй көмегінің есептелуі енгізіледі. Түбіртек-ескертуге отбасы өкілінің немесе отбасының атынан сөйлейтін тұлға және құжаттарды қабылдайтын тұлғаның қолдары қойылады.

23. Уәкілетті органның шешімі тұрғын үй жәрдемақысын берудің негізі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Заңды және жеке тұлғалар шындық ақпарат беруге міндетті. Талап етілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда, тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалмайды. Тұрғын үй қызметіне алдын ала жалған мәліметтер берген үшін меншік үйдің иесі құқықсыз алған сомасын өз еркімен қайтарады, ал бас тартқан жағдайда - сот тәртібімен қайтарылуы тиіс.

4. Тұрғын үй көмегін есептеудегі нормативтер

24. Тұрғын үй көмегін есептегенде келесі нормативтер қабылданады:

1) газ тұтыну - 1 айға 10 килограмм;

2) электр жүйесін қолдану:

1 адамға – 45 киловатт;

2 адамға - 90 киловатт;

3 адамға - 135 киловатт;

4 және одан көп адамнан тұратын отбасына – 150 киловатт.

3) сумен қамтамасыз ету тарифын қызмет берушілер ұсынады;

4) аудандық телекоммуникациялар желісінің абоненттері болып табылатын әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу (бұдан әрі – телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу) – коммуналдық қызметтерді тұтынуға төлеу жөніндегі тұрғын үй көмегінің құрамына кіретін, телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылу шығындарын өтеуге арналған және қолданылып жүрген тариф пен 2004 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша қалыптасқан тариф арасындағы айырма ретінде белгіленетін ақшалай төлемақы "Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасын Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 қаулысы негізінде жүзеге асырылады;

5) 4 тонна көмірді жыл бойында 2 тоннадан екі бөліп беру.

25. Коммуналдық қызметтерді тұтыну төлемінің тарифтерін (газ, көмір, су, электр жүйесін, телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы) аудан әкімі және өзгешеліктер кездескен жағдайда ауылдық, поселкелік округ әкімдері тоқсан сайын белгілейді.

5. Тұрғын үй көмегін төлеу

26. Тұрғын үй көмегін төлеу алушының таңдауы бойынша уәкілетті ұйым арқылы, өзі таңдаған ұйымдағы жеке шотының деректерін көрсете отырып берген өтініші негізінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

27. Тағайындалған тұрғын үй көмегі сомасын алушылардың жеке шоттарына есептеу қаражаттың түсуіне қарай жүргізіледі.

6. Тұрғын үй көмегін көрсету үшін жауапкершілік

28. Уәкілетті органдар тұрғын үй көмегін тағайындаудың, төлеудің және берудің уақтылығы үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК